

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

*Туған жер. Отан.
Қазақстан*

Сеитказина Балдана Балтабекқызы


АКТ факультеті

ИС – 703 тобы, 1 курс


Семей

2017

Менің туған жерім:



«Ақтоғай»



*«Ауыл дегеніміз - халықтың
тұрмыс - салты мәдениетіміздің,
дәстүріміздің, әдет - ғұрпымыз
бен рухани тіршілігіміздің
қайнары»*

Н.Ә.Назарбаев.

Туған жерім – тұғырлы өлкем

Туған жер, ата – қоныс, өскен жер, ауыл, атамекен - адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Ауыл ұғымының түпқазығы аса кішкентай болса да, мен үшін бұл ұғым аса қымбат жер Ақтоғай кентінен басталады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалық шағым өтті.

Ақтоғай атауының шығу тарихы

1929 жылға дейін осы елді мекен қалың ұшқат, сексеуіл, жыңғыл, қамыс, шеңгел жайқалған қалың аймақ болған. Жолаушылап келе жатқан адам алыстан аппақ болып мұңартып жайқалған ну тоғайды көріп Ақтоғай деп атаған. Содан бастап бұл өңір «Ақтоғай» аталып кетті.



Тарихтың сыр шертеді парақтары...

«Түркісібтің қан тамырындай тарамдалып жатқан темір жол тармақтарының бірі осы арадан өтеді. Ол алғашқы бесжылдықтар кезінде салынған Түркістан – Сібір жолы. Осы жолдың құрылысы басталғанға дейін, бұл жерде елді мекен болмаса керек. Үлкен іске әр жерден адамдар ағылғанда, қазіргі 8 мыңға жуық тұрғыны бар Ақтоғай елді мекенінің іргесі қаланыпты. Құмдауыт жазық даланың шығысын ала орналасқан қос тау Қалдар мен Арғанаты ақ түйенің қос өркешіндей қазірде көз ұшында көрініп тұрады. Бұл жерді жергілікті халық «Шегенбай» деп атайды.


Тарихтың сыр шертеді парақтары...

Шегенбай кім? Қашан, қай кезде өмір сүрген, бай ма, батыр ма, әлде от ауызды, орақ тілді қара сөздің ұстасы ма? Ауылдың қарияларының айтуына қарағанда, ол өз заманының аузы дуалы, қара қылды қақ жарған, әділ, сұңғыла ойлы адамы болған тәрізді. Ал нақты дәлелдерге сүйене отырып, ондай адамның өмір сүргеніне әзірге көз жеткізген ешкім жоқ. Бірақ мәселе жердің атауында емес. Ауыл іргесінен 5-6 шақырым жерде орналасқан «Шегенбай» аймағы шөбі шүйгін, жайылымы кең. Бұл жерде сексеуіл, жыңғыл, ұшқат бітік өскен. Қазіргі кезде ауыл тұрғындары осы жерге мал өсіреді» - деп Сұлтан Әбдірахмановтің «Тарихи тұлғалары Түрксібтің» атты кітабында жазылған.

Ауылым – алтын бесігім



Ұлы Абайға – 170 жыл



«Мәңгілік Ел» пойызы Шығыс Қазақстан облысында сапармен. Бірінші аялдама –Ақтоғай кенті.



Мыстың ірі кен орны – Ақтоғай

- *Кенішті игеруге жұмсалатын капиталдық шығындар шамамен 2 млрд АҚШ долларын құрайды.*
- *Ол – ең ірі жобалардың бірі.*
- *Қазақмыс компаниясының ең ірі деген екі өркендеу жобаларының бірі .*
- *өндіру көлемі жылына 25 млн тонна кен деңгейінде.*
- *Мыстың орташа құрамы 0.33 пайыз болған жағдайда кен орнындағы минералды ресурстар 1 719 млн. тоннаны құрайды.*
- *қызметкерлер құрамының жалпы саны 1 500 адамды құрайды (вахта әдісімен).*


Келешегі кемел кеніш...



1970 жылдардың басында Ақтоғайдан 25-30 шақырым жердегі «Қалдар» тауынан мыс кенінің табылуына байланысты, осыны зерттеу үшін бұрынғы Оңтүстік Қазақстан кен зерттеу басқармасының бастығы Қыдырбеков Ақтоғайдағы геология-зерттеу /ГРП/ ұйымының бастығы болып келді. Бұл зерттеу ұйымын БАМ-2 /Большой Ақтоғайский мед/ деп атады. Геологиялық зерттеу партиясына Қазақстан өкіметі көп көңіл бөлді. Сол геологтар үшін Ақтоғайдың шығыс жағынан жаңа поселке/ГРП/ салынды.

конструктор - Л.С.Лебединскийдің құрметіне орай аталған «Л» сериялы паровоз – ескерткішінің мерекелік ашылу салтанаты. Суретте - АО «Локомотив» вице – президенті Айтым Куракбаев





*Көнермес қасиет бар келбетінде,
Сағынтар жалғыз мекен жер бетінде!
Ауылым, сенен алған тұнық сезім,
Жанымды бір ән болып тербетуде.*

